

**Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық
фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ МКК-ның кезектен тыс
жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

№4/23

«02» қазан 2023 жыл

Жиналыс төрағасы: - Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ МКК басшының экономикалық және ӘШ қамтамасыз ету жөніндегі орынбасарының м.а. – **Ж.А. Алиев**
Хатшылықта: заңгер - Е.Б. Анарбеков
Жиналысқа әкімшілік бөлімінің қызметкерлері: 51 адам.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:

1. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ МКК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсыныстарды орындау туралы.

Төрағалық етуші Ж.А. Алиев жиналысты ашық деп жариялап, Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ МКК-дағы 24.07.2023 ж. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау туралы талдамалық анықтамасында көрсетілген кемшіліктерді болдырмау бойынша іс-шаралар қарастырылатыны туралы хабарлады.

Анықтамада көрсетілгендей, орталықтың мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру барысында, орталықтың өндірістік қажеттіліктеріне және бәсекелестік ортада жүргізуге уақыттың тығыздығына байланысты Кәсіпорын:

1) Кәсіпорынның ЖШС "Social-i International Kazakhstan" мен түзген №000240002974/220152/00 2022-09-16 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 160 000.00 теңгені құрайды.

2) Кәсіпорынның ЖШС "MEDsmart" мен түзген №000240002974/220150/00 2022-09-05 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 200 000.00 теңгені құрайды.

3) Кәсіпорынның ЖШС "НЦПК" мен түзген №000240002974/220098/00 2022-04-26 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 150 087 теңгені құрайды.

4) Кәсіпорынның ЖШС "Turkistan Audit" мен түзген №000240002974/220097/00 2022-04-26 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 500 000.00 теңгені құрайтын мемлекеттік сатып алу бойынша келісім-шарттар түзілгендігі туралы анықталды.

Яғни жоғарыда аталған келісім шарттар, Ұйымдастырушы тарапынан «Мемлекеттік сатып алу» ҚР Заңының 1 – тармағының 41 –бабы, 39 – бабының 3 – тармағын (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) 13- бабы 1- тармағының 1), 2), 3), 5) және б) тармақшаларының (көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзылуына жол берген. Бұр тұрғыда, Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизипульмонология орталығы» ШЖҚ МКК тарапынан, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заң аясында, мерзімінде және сапалы түрде өткізуін қамтамасыз етіп, алдағы уақытта кемшіліктерге жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылдануы қажет.

Жалпы жиналыс күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша жиналыс төрайымы жиналысты қорытындылай келе,

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

- Мемлекеттік сатып алуды жүргізу барысында Кәсіпорын тарапынан аталған сатып алуларды, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-тармағының 41-бабына және 4- бабына сәйкес бәсекелестік ортада жүргізілуге міндетелді.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Ж.А. Алиев

Е.Б. Анарбеков